

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
27.04.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 27.04.2022 года**

**Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Біздің депутаттардың бастамасымен әзірленген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары А.Ш. Әлназарова, О.А. Булавкина, С.А. Карплюк, Л.Т. Рысбекова, Е.Х. Сұлтанов және Мәжіліс депутаттары Е.С. Бейсенбаев, Д.Б. Зәкиева, Л.П. Павловец бастамашылық жасады.

Әзірше заң жобасы бойынша 75 заңнамалық актіге, яғни 11 кодекс және 64 заңға өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Мен соның басты концептуалды нормаларына тоқталып кетуді жөн көріп отырмын.

Бірінші. Заң жобасында мүгедек адамдарға қатысты дискриминацияға жол бермеу мақсатында бірқатар нормалар енгізіліп отыр. Оның ішінде «мүгедек», «мүгедек бала», «Ұлы Отан соғысының мүгедегі» деген сөздер тиісінше «мүгедектігі бар адам», «мүгедектігі бар бала» және «Ұлы Отан соғысы кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы және ауруы салдарынан мүгедектігі бар адам» деген сөздермен ауыстырылатын болады.

Мысалы, әлемдік тәжірибеде «people-first language» деген түсінік, яғни бірінші кезекте оның адам баласы екеніне мән беруіміз қажет. Бұл бір.

Екінші. Оңалту мәселесі бойынша. Мүгедектіктің алдын алу және осы бағыттағы атқарылып жатқан қызметтерді біріздендіру мақсатында «абилитация» түсінігі енгізілді. Абилитацияның сапалы ұйымдастырылуы, медициналық реабилитациядағы ем-домның сапасын едәуір көтеретін

әлеуметтік-психологиялық, медициналық көмек деп есептейміз. Аталған норма Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясына сәйкестендірілді.

Үшінші. Өздеріңіз білетіндей, мүгедектігі бар адамдармен жұмысты реттеу үшін әкімдіктерде және бірқатар министрліктерде «штаттан тыс кеңесшілер» 2012 жылдан бері тағайындалып келді. Бірақ осы күнге дейін олардың жұмысын әзірлеу және тағайындау тәртіптері пысықталмаған болатын. Енді бұл мәселені үйлестіру бойынша тиісті мемлекеттік органның құзыреті кеңейтіліп, тағайындау, әзірлеу тәртібі реттеліп, біріздендірілетін болады.

Төртінші. Заң жобасында таксопарктер әрбір 10 таксиге мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген бір таксиді қамтамасыз етуі тиіс деген түзетулер енгізіліп отыр. Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамаға сәйкес таксопарктер әрбір 30-шы таксиге осындай норма пайдаланады.

Оған қоса, тұрақты маршруттар үшін мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға бейімделген автобустарды сатып алу бойынша өзгертулер енгізілу жоспарда бар.

Бесінші. Осы санаттағы адамдардан олардың мүгедектігін анықтау барысында медициналық комиссияның нақты дәлелденген диагноздарының аясында сырттай мүгедектікті анықтау бойынша өтініштер көптеп түсетін. Оған барлық депутаттар куәгер.

Осы ретте жарты жыл бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 12 түрлі нозологиялық ауру түрлерінен мүгедектікті сырттай анықтау пилоттық жобасы бастау алған.

Сондықтан пилоттық жобаның жүйелі іске асырылуына байланысты мүгедектікті сырттай анықтап, белгілеуді заңды түрде бекіту көзделіп отыр.

Алтыншы. Мүгедектігі бар баланы санаториялық-курорттық емдеуге алып жүретін ата-анасының (заңды өкілінің) біріне мекемеде орналасу, тамақтану, жатын орны сияқты бірінші қажеттілік болып саналатын шығыстарының құны өтелетін болады.

Бұл бастама шалғай аудандардағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мүгедектігі бар баласына жан-жақты санаториялық-курорттық ем-дом алуға жол ашады. Ал бүгінге дейін аталған мәселені жергілікті бюджет арқылы тек қана үш аймақта, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы, Қарағанды және Павлодар облыстарынан алып жүруші заңды өкілдеріне қаржы қарастырылған еді.

Құрметті әріптестер, бұл аса маңызды нормалардың бірі. Өйткені қазірдің өзінде көптеген ата-аналардың әлеуметтік жағдайы баласымен бірге санаториялық-курорттық ем-домын алуға жете бермейді. Жалпы, заң жобасындағы қарастырылған қаржының басым бөлігі осы позицияны іске асыруға бағытталады. Біздің алдын ала жобалық есебіміз бойынша үш жылдың ішінде кемінде 62 мыңнан астам баламен ата-анасы немесе олардың заңды өкілдері санаториялық-курорттық ем-домға бірге барады. Бұл аса маңызды.

Сондай-ақ аталған заң жобасының аясында емханалардағы қызметті бірінші кезекте алу, үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды нотариаттық қызметтер жасауда ақы төлеуден босату нормасы (ол біздің заңда бар, бірінші және екінші топ болатын, енді үшінші топ) қосылып жатыр. Сонымен қатар 50 мың балаға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар құру қағидаты, адам саудасының құрбаны болған шетелдік азаматтарға жан-жақты әлеуметтік қызмет көрсету бойынша нормалар енгізілді. Соңғы аталған норма да қаржыландырылған.

Құрметті әріптестер, аталған заң жобасының аясында үш жылдық республикалық бюджеттен 5,9 миллиард теңге қаржы қарастырылып отыр.

Заң жобасының оң тұстарын ескере келе, бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Қамасова Зарина Айдарханқызы.

ҚАМАСОВА З.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға арналады.

Құрметті Елнұр Сабыржанұлы! Заң жобасында сот ісіне қатысатын, есту және көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар аудармашының қызметтерін, сондай-ақ сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдарды пайдалануға құқылы деген норма көзделіп отыр.

Мүгедектігі бар адамдарды сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету міндеті қай мемлекеттік органның функциясына кіретінін түсіндіріп беруіңізді сұраймын. Әлде бұл азаматтар өз құралдарын пайдалануға тиіс пе? Рақмет.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, Зарина Айдарханқызы. Өте маңызды сұрақ.

Жалпы, сот процесі кезінде мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету дамыған елдердің тәжірибесінде бар. Негізі әрбір азаматтың жеке өзінің оналту бағдарламасының аясында осы құралдар жергілікті атқарушы органдарымен міндетті түрде беріледі. Егер сот процесі кезінде ол азамат ондай құралдармен қамтамасыз етілмесе, жергілікті атқарушы билік міндетті түрде алып беруі тиіс. Бұл бірінші.

Екінші. Азаматтар мүгедектігін жұмыс барысында алуы мүмкін, мәселен, техникалық қауіпсіздікті сақтамаса, тағы да басқа жағдайларда. Ол кезде жергілікті атқарушы органдар жұмыс берушімен хабарласып, солардың есебінен міндетті түрде сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпы, сот процесі кезінде мүгедектігі бар азамат мейлінше барлық құралдармен қамтамасыз етіледі деген норма бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Ким Вера Александровна.

КИМ В.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства образования и науки.

В законопроекте предусматривается снижение норматива по открытию психолого-медико-педагогических консультаций (ПМПК) с 60 тысяч до 50 тысяч детского населения. Это хорошая норма и мы ее поддерживаем.

Вместе с тем хотелось бы уточнить, как при существующем дефиците кадров будут обеспечены вновь создаваемые в регионах ПМПК необходимыми квалифицированными кадрами с учетом предлагаемого снижения нагрузки? Спасибо.

КАРИНОВА Ш.Т. Рақмет, уважаемая Вера Александровна.

Сегодня у нас 175 тысяч детей с особыми потребностями. Потребность будет составлять 39 ПМПК (при норме – 50 тысяч детского населения на одну ПМПК).

Как будем обеспечивать специалистами? Сегодня большая часть детей, которые требуют особого отношения и обследования ПМПК, – это дети с задержкой психического развития, на втором плане – дети с нарушением речи. Поэтому в первую очередь мы увеличили квоты приема, гранты на дефектологические специальности. В этом году 300 специалистов будут получать гранты. В прошлом году их было 250. В дальнейшем мы будем увеличивать гранты, исходя из общей потребности.

В целом десять таких категорий. Узкие специалисты будут проходить курсы повышения квалификации. Это такие специалисты, как сурдопереводчики, тифлопедагоги и другие. Мы будем заниматься повышением их квалификации. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлы.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Ішкі істер министрлігінің өкіліне арналады.

Бүгінде 1 мыңға жуық мүгедектігі бар адам сотталып, жазасын өтеп жатыр.

Заң жобасында мүгедектігі бар сотталған адамдар ұсталатын барлық ғимараттар мен құрылысжайлардың қолжетімділігін арттыру бөлігінде Қылмыстық-атқару кодексіне өзгеріс енгізіледі.

Сонымен қатар күзетпен ұстау орындары қызметкерлерінің мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеу үшін арнайы даярлығы, білімі мен дағдылары болуға тиіс деп көзделеді. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Құрметті Елнұр Сабыржанұлы, бұл қызметкерлердің қандай дағдылары мен білімі болуға тиіс?

Екінші сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеу үшін қызметкерлеріңізді оқытуды кім және қалай жүргізеді? Барлық ғимараттар мен құрылысжайлар мүгедектігі бар сотталғандардың мұқтажы үшін бейімделген бе?

Тұтастай алғанда, мүмкіндігі шектеулі адамдардың ауырлығы әртүрлі қылмыстарды жасауында қандай үрдіс байқалады? Рақмет.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, Ғани Әбдіғаниұлы.

Адамдарды қоғамнан уақытша окшаулау туралы заңның 11-бабы 4-тармағына осындай өзгерістер енгізіліп отыр. Бұл мүгедектігі бар азаматтарды қорғау туралы халықаралық конвенцияның орындалуы деп есептейміз.

Бұл өте маңызды нормалардың бірі. Күзетпен ұстау орындарында отырған мүгедектігі бар азаматтардың қандай аурулармен ауыратынын, олардың ерекшеліктерін соларды күзететін азаматтардың білуі маңызды. Өйткені оларға бірінші медициналық көмекті қалай көрсетеміз деген сұрақ туындайтын болады.

Көру, есту қабілеттеріне байланысты мүгедектігі бар азаматтар әртүрлі сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен жабдықталуы қажет. Ондай құралдармен жабдықтауды осындай мекемелерде жұмыс жасайтын азаматтар жергілікті атқарушы билікпен бірге міндетті түрде ұйымдастыруы керек деп есептейміз.

Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы бөлмелердің, территориялардың болғаны аса маңызды. Өзіңіз айтқандай, көзі көрмейтін мыңға жуық азамат қазір осындай күзетпен ұстау орындарында отыр. Сондықтан оларға мейлінше ыңғайлы орта қалыптастыру маңызды деп есептейміз.

Жалпы, бұл жұмыстарды әрі қарай Ішкі істер министрлігі қалай реттейтіні туралы министрліктің өкілі толықтыра кетеді деп ойлаймын.

СӨНТАЕВ Қ.И. Рақмет.

Дұрыс айтасыз, бізде қазіргі уақытта мүгедектігі бар адам – 749, оның ішінде бірінші топтағы мүгедектігі бар адам – 57, екінші топтағы мүгедектігі бар адам – 196, үшінші топтағы мүгедектігі бар адам – 496. Оның ішінде мүгедектігі бар 20 адам арбада отырады. Бес адам 100 пайыз көзі көрмейтіндер.

Оларды жұмыспен қамту мәселесін жергілікті атқарушы органдармен бірге жасаймыз. Жыл сайын Дәрігерлік-еңбек сараптау комиссиясы үшінші топтағы мүгедектігі бар 496 адамның мүгедектігін растайды, біз сол арқылы анықтаймыз.

Олардың жағдайларына қарап біз жұмыс беруге тырысамыз, мамандық бойынша оқытамыз, сурдоаудармашымен өзін қамтамасыз етеміз.

Ерлан Жақанұлы, мен осы сәтті пайдалана отырып, біздегі арбада отыратын 20 адамға бюджеттен қаражат қарастырылуын сұраймын. Негізі азаматтық қоғамда ондай адамдарға жәрдемақы төлейді. Бірақ бізде отырған ол адамдар өте қауіпті қылмыс жасаған. Олардың ішінде өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза алғандар бар. Бесеуі зағип, көздері көрмейді, біз оларды да бостандыққа жібере алмаймыз.

Біз ұсыныстарымызды жұмыс тобында да айттық, қолдауларыңызды сұраймыз. Ал қазір ерікті түрде болуда. Мүгедектігі бар адамдарға барынша көмектесу ол басым жұмыстардың бірі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Біз бұл жерде ақша таратып жатқан жоқпыз, оны Үкіметтен сұрау керек. Сонымен қызметкерлерді кім оқытатын болды? Сұрақ солай болды ғой.

СӨНТАЕВ Қ.И. Құрметті депутаттар, оларды біз жергілікті атқарушы органдармен бірге оқытамыз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Смышляева Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

По вопросу сопровождения на санаторно-курортное лечение детей с инвалидностью к нам, депутатам, неоднократно обращались родители. Действительно, пребывание в санатории оплачивалось только для ребенка, а родители, то есть семья особенных деток, не могли самостоятельно потянуть оплату за сопровождающее лицо. Когда мы работали с каждым обращением, видели, что есть готовность поддержать родителей особенных деток со стороны местных исполнительных органов, но у местных исполнительных органов не было законных оснований на это.

В связи с этим депутаты предложили норму по возмещению стоимости проживания и питания в санаторно-курортной организации сопровождающего лица, и эта оплата будет производиться местными исполнительными органами. Она составляет 70 процентов от общей стоимости путевки на санаторно-курортное лечение, но здесь возникают реализационные риски. В связи с этим хотелось бы уточнить.

Сейчас количество заявок на портале скорее всего многократно возрастет. Все санаторно-курортные организации, которые сегодня являются поставщиками услуг на Портале социальных услуг, готовы принять такое количество сопровождающих? У них хватит ресурсов на сегодняшний день? Велась ли с ними какая-то работа со стороны министерства? Спасибо.

СӘКЕЕВ Р.К. Конечно, вопрос очень актуальный.

Санаторно-курортные организации с каждым годом совершенствуют, дорабатывают свои возможности с учетом требований нашего законодательства. Есть доступность социально значимых объектов, которые мы тоже мониторим ежегодно и берем на ежегодный контроль.

Что касается Социального портала. Сегодня зарегистрировано около 70 санаторно-курортных организаций, которые оказывают эти услуги. Категории детей определяются в ИПР, то есть врачи изначально предусматривают, кому это возможно, а кому – нет, потому что согласно приказу №26 Министерства труда и социальной защиты населения есть ограничения по видам нозологии, по которым они не допускаются к санаторно-курортному лечению, им противопоказано.

В этой связи, по нашим расчетам, в этом году охват детей будет составлять примерно 13 тысяч 400. В течение трех лет мы планируем охватить 60 тысяч. На этот год у нас запланировано по ИПР около 60 тысяч лиц с инвалидностью.

Конечно, в летний период идет переполненность в связи с тем, что здоровые люди тоже идут, но есть весенние и осенние периоды, на которые

можно будет запланировать в течение года лиц с инвалидностью. То есть можно планомерно самим выбирать – куда хотят, когда хотят. Дается право выбора. Раньше это было только в рамках государственных закупок и было определенное ограничение, а сейчас благодаря реализации Социального портала этот вопрос уже урегулирован.

Если есть технические вопросы, если у кого есть какие-то нарекания, замечания, недовольство, то мы хотим местным исполнительным органам делегировать полномочия, чтобы они могли исключить тех или иных недобросовестных поставщиков из списка Социального портала.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлы.

ЕЛЕУОВ Ғ.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне арналады.

Заң жобасында мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға бейімделген таксидің болуы жөніндегі нормативті төмендету көзделіп отыр. Бүгінде әрбір отыз таксиге мүгедектігі бар адамдарға арналған бір такси болуға тиіс деген норма қолданылады. Енді әрбір он таксиге бір инватакси болуға тиіс деген талапты белгілеу ұсынылады.

Келесі өзгеріс ірі қалалардағы тасымалдаушылар халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын тасымалдауға бейімделген автобустарды ғана сатып алуға тиіс дегенді білдіреді.

Осыған байланысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне сұрағым бар.

Мұндай түзетулердің тиімділігін, сондай-ақ олардың жанама салдарын қалай бағалайсыз? Олар қалалардағы автобус парктерінің ескіруіне және ірі такси тасымалдаушыларының бөлшектенуіне алып келіп, сол арқылы бүкіл халыққа көлік қызметтерін көрсетуді нашарлатпай ма?

Әрі баяндамашыға сұрағым бар.

Құрметті Елнұр Сабыржанұлы! Бәлкім, көлік қызметтерін берушілерге таксопарктерін дайындай алатындай қосымша уақыт, айталық, бір жыл беру қажет шығар? Қалай ойлайсыз? Рақмет.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, Ғалымжан Алмасбекұлы.

Құрметті әріптестер! Жалпы, Ғалымжан Алмасбекұлы көтеріп отырған норма 2013 жылы іске қосылған, бірақ таксопарктердің барлығы 30 көлік емес, 29 көлік тіркеп, бұл норманы айналып өтіп отырған.

«AMANAT» партиясының осындай азаматтарға арналған «Кедергісіз келешек» атты үлкен жобасы бар. Сол жобаның аясында біз мобильділігі төмен азаматтарға мейлінше ыңғайлы орта жасауды алға қойып отырамыз. Менің ойымша, бұл норма өте маңызды. Бұл адамзаттың, сонымен қатар мүгедектігі бар азаматтардың мәселелерін көтеретін және оларды қолдауға бағытталған нормалардың бірі деп есептеймін. Сол себепті бұл норманы да қолдауға шақырамын. Пандемия, басқа да жағдайларға байланысты бұл норманы сіздермен бірге әлі де пысықтауға болады деп есептеймін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.

БАЙМИШЕВ Р.Н. Уважаемый Галымжан Алмасбекович! Хотел бы также прокомментировать, что указанные поправки были обсуждены с отраслевыми перевозчиками и производителями автобусов. Министерством, согласно заключению Правительства, данные поправки были поддержаны. Спасибо.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Ержан Жақанұлы, Әлихан Бөкейхановтың «Заң адамдар үшін жұмыс істеуі қажет» деген жақсы бір сөзі бар ғой, сондықтан мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау әрбір әріптесіміз үшін басты мәселе болуы қажет деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Осы заңның талаптарына такси парктері, автобус парктері дайын ба, бейімделген бе? Бұрын отыз таксиге біреу болса, енді он таксиге біреу болу керек, сондай-ақ оларға автобус болу керек. Оған Үкіметтің оң қорытындысы бар деді. Есть положительное заключение Правительства. Значит, и таксопарки, и автобусные парки готовы сегодня к реализации закона?

БАЙМИШЕВ Р.Н. Да, Ерлан Жаканович. В июле 2021 года соответствующее решение было направлено в Мажилис.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызы.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Негізінде бұл заң жобасы мүгедектікке қатысты қазіргі көзқарасты түбегейлі өзгертуге бағытталып отыр.

Оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың нақты анықтамасынан бастап, құқықтарына, мүмкіндіктеріне қатысты түсініктердің барлығы қамтылған. Дегенмен мен мына мәселені нақтылағым келіп отыр.

Біз осы заң шеңберінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекстің 192-бабының 2-тармағына да өзгеріс енгізуді ұсынып отырмыз. Бұл норма жер қойнауын пайдаланушылардың өңірді дамытуға арналған 1 пайыз шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлерді қаржылық қолдауды көздейді. Ал кәсіпкерліктің бұл саласы әлеуметтік осал топтарды, соның ішінде мүгедектігі бар азаматтарды да қамтитыны белгілі. Менің сұрағым дәл осыған байланысты.

Қаржылық қолдау тікелей мүгедектігі бар адамдарға қалай көмектеседі? Сондай-ақ осы қаржыландыруды бақылау, оны жұмсау қандай критерийлермен жүзеге асырылады? Міне, осы мәселеге тоқталып, түсіндіріп, анықтап берсеңіз. Рақмет.

СӘКЕЕВ Р.К. Әлия Сүйіндікқызы, сұрағыңыз орынды.

Былтыр шілде айында Парламентте Кәсіпкерлік кодексті талқылау кезінде әжептәуір өзгерістер енгізілген болатын. Соның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау туралы нормалар енген болатын. Ол сол кезде сол

заңнамаға ену керек еді, бірақ, өкінішке орай, Үкіметтің қорытындысына кірмей қалды. Енді қазір ол осы заңнамаға енгізіліп отыр.

Біз өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты, инфрақұрылымына байланысты қолданыстағы нормаға «әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау» дегенді қосып отырмыз. Яғни жергілікті атқарушы органдар мен мәслихаттардың құзыретін кеңейтіп, қосымша көмек жасау үшін оларға мүмкіндік беріп отырмыз. Әлеуметтік осал топтарды қолдау мақсатында жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлердің реестрі құрылған. Ұлттық экономика министрлігі оларды тіркеу туралы бұйрық қабылдады, биыл екі мекеме тіркелді. Қазір 25-ке жуық мекеме тіркеуге ұсыныстарын берді. Өңірлерде сондай мекемелерді көбейтсе, жергілікті атқарушы органдарына оларды заңнамалық түрде қаржыландыруға мүмкіндік берсек, ол әлеуметтік мәселенің шешілуіне оң қадам болады. Мүлікті, ғимаратты жалдауға субсидия беру немесе несие беру мәселесін, қосымша басқа да шаруаларды Ұлттық экономика министрлігі және жергілікті атқарушы органдар өздерінің құзыретті шегінде жүзеге асыратын болады. Бұл қосымша 1 пайыз қаржылық қолдау емес, жергілікті атқарушы органға сол қаржының ішінен мүмкіндік беру. Біздің пайымдауымызша осылай.

ТӨРАҒА. Қысқаша жауап беріңіз. Нақты сұрақ болды ғой. 1 пайыз қаржылық қолдауға қандай құжаттар керек және оның қандай критерийлері болу керек? Соған қандай бақылау, қандай критерийлер бар? Соған нақты екі ауыз сөзбен ғана жауап беруге болады ғой.

СӘКЕЕВ Р.К. Бұл критерийлерді Ұлттық экономика министрлігімен, жергілікті атқарушы органмен қайтадан пысықтап, қосымша ереже қабылдайтын боламыз.

ТӨРАҒА. Онда әзір дайын емес деп айтыңыз. Жақсы.

Депутат Ержан Құдайберген Төлепұлы.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Руслан Кенесарыұлы Сәкеевке.

Барлық жеңілдіктер мүгедек азаматтардың жағдайын жасау мақсатында жасалып жатқанын көріп отырмыз.

Құрметті әріптестер, мүгедектер тек қалада ғана тұрмайды, ауылда да тұрады. Денсауылығының жоқтығынан не еңбек ете алмай, не мектепке бара алмай, мүгедектігі бар балаларына қараған ата-аналардың үйінен шыға алмай отырғандары бар. Оңалту орталықтары, инвентакси тұрмақ, жергілікті жердің өзінен шыға алмай, жете алмай отырған, барса, ол жақтан қайтып келе алмай жатқан азаматтар бар. Өткенде қабылдауда болған бір жас ананың екі баласы бірдей мүгедек екен.

Осы жағдайда қандай іс-шаралар қарастырылып жатыр? Осы мәселеде ауылдағы осындай адамдардың ақысы кетіп жатқан сияқты. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұрағыңыз қай министрлікке?

ЕРЖАН Қ.Т. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне.

СӘКЕЕВ Р.К. Ауылдағы мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету сол ауылға шығу арқылы жұмыс жасалатын болады. Егер дәрігер қажет болса, дәрігер сол жерге барып қызмет көрсетіп, ақыл-кеңесін беріп, министрлік тарапынан әлеуметтік қызметкердің, жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісінше ақыл-кеңесін беруі, азық-түлік, басқадай көмек көрсетуі заңмен қарастырылған. Егер көмек көрсетілмей жатса, басқа да мәселелер болса, оны біз жергілікті атқарушы органдармен бірге қарауға дайынбыз. Ол мәселелер заңмен қарастырылған. Олардың мүгедектігіне байланысты жәрдемақысы бар, оларға көмекші қарастырылған. Ол жағынан жағдай жасалған.

ТӨРАҒА. Заң бойынша солай, ал өмірде қалай?

СӘКЕЕВ Р.К. Өмірде, әрине, қиындықтар бар. Кей жерлерде оған салғырттықпен, немқұрайлылықпен қарауы мүмкін. Егер арыз-шағымдары болса, оны жеке қарап, оған көмек көрсетіледі, ақыл-кеңес беріледі.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Әріптесім Ержан Құдайберген өте дұрыс мәселені көтерді. Елдегі сайлаушылармен кездескен кезде мүгедектігі бар адамдар бір үлкен мәселе көтерді. Мысалы, мүгедектігі бар адамдарға тек өздерінің тіркелген жерінде ғана инватакси қызметі көрсетіледі екен. Егер олар басқа қалаға барып оңалтудан, емдеуден өтетін болса, оларға инватакси қызмет көрсетпейді екен.

Сондай-ақ олардың көбі пойызбен жүреді. Олардың мініп-түсуі үшін вагондарда арнайы құрылғылар жоқ.

Осы екі мәселені Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қалай шешпек және қашан шешпек? Ол азаматтардың өз қалтасынан шығын шығарып, такси жалдап, қиналып жүр. Осыған жауап берсеңіз.

СӘКЕЕВ Р.К. Сұрағыңыз орынды. Бюджеттік заңнамаға байланысты көлікпен жүруді қаржыландыру шығыны жергілікті атқарушы органдардың есебінен болғандықтан сол жерде тіркелген мүгедектігі бар адам тұрғылықты жерінде ғана қызметті ала алады. Егер ол басқа жаққа шығатын болса, ол басқа өңірдің шығынына байланысты болады. Заңнамада бұл қиындық тудырып отыр. Болашақта бұл мәселелерді қарап, шешудің басқа жолдарын қарастырамыз.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Депутат Нұрбек Саясат.

НҰРБЕК С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Руслан Кенесарыұлына.

Любой законопроект должен в первую очередь иметь социальную эффективность. В этом отношении вопрос трудоустройства, наверное, будет одним из важнейших. Как мы видим, в нашем законопроекте предлагаются изменения в Трудовой кодекс, в частности, в статью по предоставлению права на труд лицам с инвалидностью разных категорий.

Уважаемые коллеги, сегодня в нашей стране порядка 700 тысяч инвалидов, из них 424 тысячи – это лица трудоспособного возраста. На конец

2020 года (извините, обновление статистики немного хромает) только 25 процентов или чуть выше 100 тысяч были трудоустроены. Это самый низкий показатель, если сравнивать с показателями других категорий.

Соблюдение квоты трудоустройства лиц с инвалидностью – это очень серьезный и болезненный вопрос. Я покопался в статистике, серьезно пытался собрать данные. Оговорюсь, что это данные на первое полугодие прошлого года. Если брать долю штатной численности компаний, не исполняющих обязательную норму по квоте трудоустройства лиц с инвалидностью, то не соблюдают: малые предприятия – 51 процент, средние предприятия – 74 процента, крупные предприятия, где свыше 250 сотрудников, – порядка 92 процента.

Приведу два конкретных примера:

в городе Алматы 510 компаний, соблюдающих квоту трудоустройства (оговорюсь, что это данные на середину прошлого года), и 1 тысяча 845 - не соблюдающих квоту компаний;

в городе Нур-Султане 266 соблюдающих квоту предприятий и 1 тысяча 42 - не соблюдающих квоту предприятий.

Руслан Кенесарович, у меня к Вам два конкретных вопроса:

1. Как вы планируете повысить эффективность механизмов контроля по соблюдению квоты трудоустройства лиц с инвалидностью, потому что действующие механизмы, судя по всему, не работают?

2. Как будут скорректированы индикаторы по повышению трудоустройства лиц с инвалидностью по обязательным квотам в планах Министерства труда и социальной защиты?

ТӨРАҒА. Бұл сұраққа кім жауап береді?

СӘКЕЕВ Р.К. Сұрағыңыз орынды.

Биыл 105 мың мүгедектігі бар адамды квотамен жұмысқа орналастыру жоспарланса, олардың қазір 24 мыңы жұмысқа орналастырылды, яғни 22 пайызы.

2021 жылы біз 31 мың адамды квотамен жұмысқа орналастыруды жоспарласақ, өкінішке орай, оның 5 мыңы ғана квотамен жұмысқа орналастырылды, яғни 18 пайызды ғана құрады.

Әлеуметтік кодекс және басқа да заңнамалардың негізінде жұмыс тобын құрып, механизмін тағы пысықтайтын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жаксы. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтар аяқталды.

Елнұр Сабыржанұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Павловец Лариса Павловнаға беріледі.

ПАВЛОВЕЦ Л.П. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы 2022 жылғы 24 ақпанда Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Заң жобасында мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар нормалар көзделген, олар Елнұр Сабыржанұлы Бейсенбаевтың баяндамасында айтылды.

Работа по законопроекту продолжается с участием заинтересованных государственных органов, неправительственных организаций и представителей общественности, представляющих и защищающих интересы лиц с инвалидностью. Все предложения, озвучиваемые ими на заседаниях рабочей группы, учитываются в работе, часть из них нашла отражение в законопроекте.

К примеру, поддержана поправка по предоставлению возможности прохождения ежегодного медицинского переосвидетельствования лицам с инвалидностью с неизлечимыми заболеваниями заочно, то есть без посещения медицинской организации и выстаивания многочасовых очередей.

Также в ходе работы над законопроектом внесены поправки, направленные на приведение отдельных норм Уголовного, Уголовно-процессуального, Трудового и Предпринимательского кодексов, а также ряда законов, не отраженных в законопроекте, в соответствие с концепцией законопроекта по изменению терминов:

«инвалид» – «лицо с инвалидностью»;

«слепой», «глухой», «немой» – «лица с полной потерей зрения», «лица с полной потерей слуха», «лица с полной потерей речи»;

«индивидуальная программа реабилитации инвалида» – «индивидуальная программа абилитации и реабилитации лица с инвалидностью»;

«дом-интернат» – «медико-санитарное учреждение».

Устранены правовые коллизии, улучшена редакция ряда норм законопроекта в целях однозначного их толкования.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента даны положительные заключения по законопроекту. Работа по законопроекту продолжается.

Құрметті әріптестер! Осы айтылғандарды ескере отырып, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет Сізге, Лариса Павловна.

Құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы жетілдіру мемлекеттік бағдарламалар мен Мемлекет басшысы тапсырмалары басымдықтарының бірі болып табылады.

Мүгедектердің құқықтары жөніндегі конвенцияға сәйкестендіру мақсатында бүгінгі таңда Қазақстанның алдында инклюзивті қоғам құру міндеті тұр. Жүйелі түрде қайта жүктеу, мемлекет пен қоғам арасындағы күшейтілген өзара іс-қимыл мен сындарлы әріптестікті талап етеді.

Бүгін қаралып отырған заң жобасы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде әзірленді, ол заңнамалық олқылықтың орнын толтыруға және мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелерін реттейтін нормаларға сәйкес келтіруге бағытталған.

Заң жобасында бір психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ашу бойынша нормативтерді 60 мың баладан 50 мың балаға дейін төмендету ұсынылады. Аталған түзету психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар желілерін кеңейтуге мүмкіндік беріп, кезектілікті қысқартады.

Бұдан басқа, «абилитация» деген ұғым енгізіледі, ол мүгедектігі бар адамдардың тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік қызметке деген болмаған қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шаралар кешенін камтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Еңбек министрлігіне министрлердің, өңір әкімдерінің мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын камтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша штаттан тыс кеңесшілерін тағайындау тәртібін әзірлеу жөніндегі құзыретті беру ұсынылады.

Бұл норма кеңесшілер болып тағайындалатын адамдарға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеуге, барлық өңірлердегі кеңесшілердің міндеттері мен функцияларын іске асыруда бірыңғай көзқарастарды айқындауға мүмкіндік береді.

Мүгедектігі бар адамдар бұл халқымыздың 4 пайызы екенін, олардың проблемаларын шешу туралы айтқан кезімізде 700 мыңнан астам адамның әлауқаты мен өмір сүру сапасын меңзейтінімізді ескерткім келеді.

Заң жобасы мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді деп есептеймін.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



*Дүрме: бұғанаман камтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майындаев.*